



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бахрейн Королі шейх Хамад бен Иса Әл Халифамен Таяу Шығыстағы ахуалды талқылап, еліміз қазіргі қиын-қыстау шақта Бахрейн халқына тілектес екенін айтты.

Мемлекет басшысы Иранға қарсы соғысқа қатыспаған Бахрейн мен басқа да елдердің азаматтық инфрақұрылымын зымыранмен атқылауға аландаушылық білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан жағдайды одан әрі ушықтырмай, қактығысты диалог және дипломатия жолымен бейбіт түрде шешуді күптайтынын жеткізді.

Король Хамад бен Иса Әл Халифа ұдайы қолдау көрсеткені үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтты. Сондай-ақ сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарға баса мән бере отырып, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі жандандыруға ниетті екенін растады.

Тараптар Қазақстан – Бахрейн арасындағы достық қатынас пен серіктестікті одан әрі нығайтуға бейіл екенін жеткізіп, қасиетті Рамазан айында екі ел халқына бейбіт өмір, бак-береке тіледі.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 180 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚҰТТЫҚТАУ ЖОЛДАДЫ

Қадірлі қауым!

Сіздерді қазақ халқының заңғар тұлғасы, әдебиетіміздің алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуымен құттықтаймын!

Жамбыл Жабаев — ұлт руханиятында ерекше орны бар тарихи қайраткер, төл мәдениетіміздің аса көрнекті өкілі. Әйгілі жыршы шоқтығы биік шығармалары арқылы отаншылдық пен ынтымақ, ерлік пен елдік, адалдық пен әділдік секілді мызғымас құндылықтарды кенінен дәріптеді.

Халқымыздың біртуар перзенті айтыс өнерінің өрісін кеңейтуге, эпикалық дәстүрді жаңғыртуға, қазақ-қырғыз әдеби байланысын нығайтуға өлшеусіз үлес қосты.

Өз дәуірінің тыныс-тіршілігін асқан шеберлікпен суреттеп, жұрттың ыстық ықыласына бөленді. «ХХ ғасырдың Гомері» атанған ұлы ақынның туындылары көптеген шет тіліне аударылып, барша адамзатқа ортақ қазынаға айналды.

Қос ғасырдың куәсі болған жыр алыбының мол мұрасы әлі талай ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз. Биыл мерейтойға орай Жамбыл Жабаевтың тарихи бейнесін айшықтай түсетін құнды пікірлер мен тағылымды ой-тұжырымдар айтылады деп сенемін.

Осы өте маңызды іс-шараларыңыз сәтті өтсін, баршаныздың ниеттеріңіз қабыл болсын!

Сіздерге мықты денсаулық, бак-береке тілеймін!

ГЕОСАЯСИ БАЛАНС: ТҰРАҚТЫЛЫҚ – БАСТЫ ТІЛЕК



Парсы шығанағында тұрақсыздық басталған кезде Мемлекет басшысы күштік құрылымдар мен атқарушы билікке міндет жүктегенін айттық. Соның ішінде бір көзге түскені – Президент өңір әкімдеріне Таяу Шығыста болып жатқан жағдайды ескере отырып, шешім қабылдауды тапсырғаны. Яғни, геосаяси ахуалдар тек мемлекет билігі үшін ғана емес, аймақтарға да маңызды жайт болып отыр. Мұның да өзіндік астары мен маңызы терең тұстары бар.

АҚОРДА

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР



Мемлекет басшысы Азия даму банкінің президенті Масато Канданы қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Масато Кандаға ілтипат көрсетіп, АДБ жетекшісі лауазымына кіріскеніне бір жыл болғанымен және банктің алдағы 60 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Қазақстан Президенті 30 жылдан астам уақыт ішінде Азия даму банкі елімізде жалпы сомасы 7 миллиард доллардан асатын 170-тен аса жобаға қолдау көрсеткенін айтты. Осылайша, банк экономикалық өсімге, инфрақұрылымды жаңғыртуға және азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға айтарлықтай үлес қосты.

Мемлекет басшысы экономиканың басты секторларындағы ауқымды жобаларды жүзеге асыру жоспары жөнінде әңгімеледі. Бұл елімізде орнықты даму мен құрылымдық өзгерістерді қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған.

Масато Канда Азия даму банкі Қазақстанмен арадағы ықпалдастық аясын кеңейтуді басым бағыт санайтынын жеткізді. Банк тұрғын үй құрылысы, төтенше жағдайларды басқару және өзге де маңызды стратегиялық жобаларды қаржыландыруға дайын екенін растады.

АДБ жетекшісі еліміздің цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні енгізу бойынша алдыңғы орында тұрғанын атап өтіп, аса маңызды минералдар секторын ілгерілетуде, ірі инвестициялық бастамаларды іске асыруда зор әлеует бар екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан мен Азия даму банкі арасында орнықты және ұзақмерзімді серіктестік орнаған, еліміз өзара тиімді кооперацияны одан әрі кеңейтуге әзір.

АТА ЗАҢНЫҢ ПӘРМЕНІ: ҚАЗЫНА КІЛТІ – ХАЛЫҚТА

Қуатқа деген сұраныс – экономиканың тамыр соғысы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың 5-ші отырысында елді газбен қамту мәселесіне арнайы тоқталған-тын. Ол елдегі энергия ресурстарына сұраныстың артуына байланысты геологиялық барлау жұмыстарын жандандыру, жаңа көмірсутек кен орындарын игеру және ірі газ өңдеу зауыттарын уақытылы іске қосу міндетін қойды. Сондай-ақ Энергетика министрлігі мен «Самұрық-Қазына» қоры жаңа перспективалы мұнай-газ кен орындарын игерудің егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеуге, қор газ өңдеу жобаларын іске асыру кестесін қатаң бақылауда ұстауға тиіс.



ҚОҒАМДЫҚ ИНСТИТУТТАРДЫҢ ТАРИХИ ҚАДАМЫ

Конституциялық реформа – тек баптарды өзгерту емес, мемлекет пен қоғам арасындағы қатынасты қайта құру. Әсіресе, Қазақстан сияқты саяси трансформация кезеңін бастан өткеріп отырған ел үшін бұл – билік тармақтарының жаңа конфигурациясын анықтайтын стратегиялық қадам.

Осы мәселеге қатысты пікір білдірген саясаттанушы Жанерке Қайратқызының айтуынша, мәселен, Халық кеңесінің құрылуы – кездейсоқ саяси қадам емес, Қазақстандағы консультативтік институттардың эволюциялық дамуының қисынды жалғасы.



Беріхан НҰРМҰХАМЕДОВ,
саясаттанушы:

НОРМАЛАР ӘДІЛ ҚОЛДАНЫЛСА, СЕНІМ АРТАДЫ

Жаңа Конституция жобасында зайырлылық қағидаты анағұрлым айқын әрі егжей-тегжейлі жазылған. 7-бапта діннің мемлекеттен бөлінгені тікелей көрсетіледі. Бұл – жай ғана жалпы мәлімдеме емес, мемлекеттік органдар мен діни ұйымдардың әрекетін бағалауда сүйенуге болатын нақты құқықтық ереже.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА – ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ КІЛТІ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттерімен кездесті. Іс-шарада жаңа Конституция жобасының негізгі нормалары және оларды іске асыру жолында жастардың рөлі талқыланды. Сондай-ақ әлеуметтік-саяси трендтер мен қазіргі сын-қатерлер кеңінен сөз болды.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, қазіргі жаһандық тұрақсыздық пен қарқынды технологиялық өзгерістер Қазақстаннан жедел бейімделуді және өзінің тиімді басқару жүйесін қалыптастыруды талап етіп отыр. Осыған байланысты Мемлекет басшысының бастамасымен елдің конституциялық-құқықтық және институционалдық негіздерін жаңғырту үдерісі қолға алынды. Бұл кадамның басты мақсаты — мемлекеттің орнықты дамуын қамтамасыз ету және саяси жүйені терең демократияландыру. Осы тұрғыда Сенат Төрағасы мемлекеттің жаңа моделін қалыптастыратын негізгі бағыттарға тоқталды.

«Жаңа Конституция жобасы — ел болашағының манифесі және Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саяси жүйені жаңғырту бағдарының дәйекті жалғасы. Ата Заң жобасы, ең алдымен, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік қағидаттарына табан тіреп, мемлекеттің ұзақмерзімді даму бағытын айқындайды. Құжатта ұлттық бірегейлікті нығайтуға, мемлекеттік тілді дәріптеуге және патриоттық құндылықтарды қолдауға айрықша мән берілген. Адам капиталы ел келешегінің берік іргетасы ретінде жарияланған Конституция Қазақстанның білім, ғылым және инновацияға негізделген даму жолына түсіп, озық мемлекеттердің қатарына қосылуды көздейтін ұмтылысын айқын көрсетеді. Жалпы, құжаттағы барлық норма — ұзақмерзімді мемлекеттік стратегияларға арналған іргелі құқықтық негіз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында референдум өткізу барлық бағытта жаңа тарихи кезеңнің басталатынын білдіретіні айтылды. Бұл кадам партиялық жүйені, мәслихаттардың әлеуетін және азаматтық диалог институттарын нығайтуға серпін беріп, орталық пен өңірлер арасындағы өзара іс-қимылдың берік әрі тиімді вертикалін қалыптастыруға жол ашады. Конституцияны жаңарту арқылы жаһандық өзгерістерге бейімделу саяси архитектураны ғана емес, қоғамның әлеуметтік негіздерін де терең трансформациялауға қажетті алғышарттарды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев заңнамалық жанашилдықтарды табысты іске асыру жастардың белсенді қатысуына, олардың білім деңгейіне және ел тағдыры үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайындығына тікелей байланысты екенін ерекше атап өтті.

«Жаңа Конституцияның негізгі басымдығы — адам және оның құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау. Конституциялық реформа келешек ұрпақтың өркендеуіне және жастардың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін ұзақмерзімді берік негіз қалыптастырады. Осындай жағдайда жастардың азаматтық жауапкершілігі алдының орынға шығады. Әділетті Қазақстанды құру ісіне белсенді араласу, жаңғырту үдерісіне атсалысу, диалог пен жасампаздық мәдениетін дамыту — уақыт талабы. Бұл жолда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұсынған «Адал азамат» тұжырымдамасы маңызды бағдар болады. Ол Абайдың «Толық адам» іліміне сүйене отырып, енебекқорлықты, адалдықты, кәсібилікті, үздіксіз білім алуды және отансүйгіштікті әрбір азамат үшін түбегейлі құндылықтар ретінде дәріптейді», — деді Сенат Төрағасы.

Палата Спикері Сенат жанында бес жылдан астам уақыттан бері жұмыс істеп келе жатқан Сарапшылар клубы мен Талдау мектебінің қызметіне де назар аударды. Бұл алаңдар әртүрлі саладағы жас мамандардың сараптамалық қабілетін жетілдіруге, кәсіби ойлау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Кездесуде қатысушылар цифрлық құқықтарды қорғау, ғылым мен технологияны дамыту және өзге де өзекті бағыттарға қатысты мәселелер бойынша пікір алмасты.

Конституциялық өзгерістерді талқылауға арналған іс-шараға жетекші ғалымдар, академиялық қауымдастық өкілдері, мемлекеттік басқару саласының сарапшылары және ЕҰУ оқытушылары мен докторанттары қатысты.

АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАРҒА ЖОЛ АШЫЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов пен Азия даму банкінің (АДБ) президенті Масато Канда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеген стратегиялық бағыттар шеңберінде инвестициялық ынтымақтастықты дамыту мен инфрақұрылымдық және әлеуметтік маңызы бар жобаларды қаржыландыру мәселелерін талқылады.

Кездесу барысында көлік және логистика, ТЖ, цифрлық технологияларды дамыту, тұрғын үй нарығы, «жасыл» қаржыландыру және тағы да басқа салалардағы жобалар талқыланды. Жасанды интеллект, дата-орталықтар салу, талшықты-оптикалық магистральдар жүргізу, көлік дәліздері мен кедендік рәсімдерді цифрландыру саласындағы ынтымақтастықты дамыту әлеуеті атап өтілді. Қарағандыда кадрлар даярлау және ғылыми зерттеулер жүргізу үшін 300 төсек орынға арналған университеттік аурухана салу бойынша МЖӘ жобасын жүзеге асыру барысы қаралды.

Премьер-министр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі негізгі әріптестерінің бірі — Азия даму банкімен жан-жақты өзара іс-қимылға ерекше мән беретінін атап өтті.

Қазақстан Үкіметі мен Азия даму банкі арасында 2026-2029 жылдар аралығында жалпы сомасы шамамен 5,5 млрд доллар болатын 15 перспективалық жобаны жүзеге асыру бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Құжат экономикада жаңа ауқымды жобаларды жүзеге асыру үшін мүмкіндік ашады.

МАҢҒЫСТАУ ЖӘНЕ АТЫРАУ ЖҰРТЫ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚОЛДАЙДЫ

Маңғыстау облысында соңғы жылдары Президент тапсырмасымен ұзақ уақыттан бері қордаланған инфрақұрылым мәселелері шешілді. Олар Кеңес заманынан бері күн тәртібінен түспей келген еді. Бүгінде өңір қарыштап дамып, әр салада ауқымды жобалар жүзеге асуда. Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы осы және Ата Заңның қабылдануымен жол ашылатын басқа да жаңа мүмкіндіктер туралы облыс тұрғындарымен сөйлесті.

Жұртшылықпен кездесуде Ерлан Қошанов Маңғыстаудың қуатты өнеркәсіптік әлеуетіне қарамастан, өңірде ондаған жыл бойы тұрғындардың орынды наразылығын тудыратын мәселелер жиналып қалғанын атап өтті. Осыған орай, Мемлекет басшысы алты жыл бұрын бұл мәселелерді шешу және Өңірді дамыту жөніндегі кешенді жоспар әзірлеуді тапсырды, оны іске асыруды ол өзінің жеке бақылауында ұстады. Барлық қажетті ресурстар бөлінді. Бүгінде жоспар толық орындалып, маңғыстаулықтар оның нәтижелерін көріп отыр.

— Ең бірінші және ең өзекті мәселе — ауыз су тапшылығы болды. Бұл мәселе Кеңес дәуірінде де, Тәуелсіздік жылдарында да толық шешілмеген еді. Ол туралы өз шығармаларында Әбіш Кекілбаев та жазған болатын. Президенттің жүйелі қолдауының арқасында өткен жылы Маңғыстауда ауыз су проблемасы толық шешімін тапты. Каспий су тұщыту қондырғысының қуаты артты, Түпқарағанда, Кендірлі мен Жетібайда жаңа су тұщыту қондырғылары іске қосылды, — деді Мәжіліс Спикері.

Сондай-ақ өңірде электр қуатының үзілуі мен ажыратылуы тоқтады. Қазір баламалы энергия көздері жүйелі дамып келеді, соның ішінде Жаңаөзендегі бірегей гибридіт электр станциясы бар. Мемлекеттің қолдауымен МАЭК жаңартылып, жылу және электр желілері жөндеуден өткізілуде.

Әлеуметтік инфрақұрылым мәселелері кешенді түрде шешімін табуда. Соңғы екі жылда «Келешек мектептері» жобасы аясында 13 заманауи мектеп салынды, жақын арада үш ауысымды мектептердің мәселесі толық шешіледі. Жаңаөзенде заманауи Оқушылар сарайы пайдалануға берілді. Ақтауда халықаралық стандарттарға толық сай келетін жаңа мұзайдын



ашылды. Облыс орталығында жедел көмек көрсетуге арналған көпфункционалды орталық бой көтерді, ал Мұнайлы ауданында көпсалалы аурухана іске қосылды.

Президент тарапынан өңірлік экономиканы дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде. Жалпы алғанда, Мемлекет басшысының жеке бақылауына алынған, облыстың экономикасын айтарлықтай өртаптапандыратын 52 міндет бар. Атап айтқанда, келесі алты жыл ішінде облыста 10 триллион теңге тұратын 55 инвестициялық жоба іске асырылмақ. Өндеуші өнеркәсіп, логистика, туризм және ауыл шаруашылығы саласындағы ірі жобалар шамамен 10 мың жұмыс орнын құруға жол ашады. Жаңаөзенде салынып жатқан газ өндеу зауытының да өндірістік әлеуеті зор.

Өз кезегінде өңір тұрғындары Маңғыстау облысына ерекше көңіл бөлгені үшін, жергілікті жұртшылыққа деген қамқорлығы үшін Президентке шынайы алғыстарын жеткізуді өтінді. Бүгінде өңірде тұрмыс сапасы жақсарып келеді. Адамдар су, жылу, электр қуатының тоқтап қалуы сынды келенсіздіктерді ұмытты, облыстың әрі қарай дамуы үшін берік негіз қалыптасты.

Негізгі күн тәртібіне көшкен Мәжіліс Төрағасы жаңа Ата Заң жобасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың президенттік қызметке кіріскен алғашқы күнінен бастап кезең-кезеңімен жүзеге асырылған жүйелі реформалардың нәтижесі екенін атап айтты. Бұл реформалардың аясында баршаға тең мүмкіндік туғызуда берік негіз қаланып, биліктің бір қолға шоғырлануы мүмкіндігі жойылды, елден заңсыз шығарылған активтерді қайтару процесі басталды.

— Осы қадамдардың өзегінде әділеттілік, теңдік пен бірлік идеясы тұр. Заң мен тәртіп соның берік іргесі болып қалануда. Бұл қоғамның санасына серпілс берген басты құндылықтарымызға, негізгі қағидаттарымызға айналды. Жаңа Ата Заң — осы жүйелі жұмыстың заңды жалғасы, түпкі түйіні. Ең негізгісі, мұның бәрі халықтың сұранысынан туындап отыр. Сондықтан елдің болашағына бағытталған баптар, преамбулада көрініс тапқан құндылықтар, халықтың қалауынан туған қағидаттар — бәрі Президенттің жүрегінен шыққан деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, жаңа Конституцияда Мемлекет басшысының жылдар бойғы ой-толғамдары халықтың үнімен үндесіп тұр, — деді Ерлан Қошанов.



Мәжіліс Төрағасы ғаламдық тұрақсыздық күшейіп тұрған кезеңдерде Президент сыртқы саясатта сындарлы бағыт ұстануға үлкен күш жұмсап, сол арқылы әлемнің барлық елімен серіктестік пен тең құқыққа негізделген қарым-қатынасты қамтамасыз етіп отырғанын ерекше атап өтті. Елге инвестициялар салынып, шет мемлекеттердің басшылары келіп, Қазақстанмен ынтымақтастық орнатуға ниет танытуда. Бүгінде жаһанда аумалы-төкпелі ахуал белең алған тұста ішкі тұрақтылық пен қоғамның бірлігі ерекше маңызды. Тек осы арқылы Қазақстан дамып, алға жылжи береді.

Сондай-ақ кездесу барысында Ата Заң жобасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, цифрландыру және мемлекеттің әлеуметтік міндеттер мәселелері де көтерілді. Жергілікті тұрғындар жаңа Конституцияның парадигмасы өзгеріп, жерасты қазба байлықтарына емес, адам капиталын дамытуға бағытталғанын оң бағалады. Енді Қазақстан тек минералдық ресурстарға емес, интеллектуалдық ресурстарға, білім экономикасын құруға иек артады. Сондықтан құжатта ғылым, білім және инновацияларды дамыту нормалары мемлекеттің стратегиялық басымдықтары ретінде бекітіліп, ғылыми және техникалық шығармашылық еркіндігіне кепілдік берілді.

Маңғыстау облысының өндірістік кәсіпорындарымен кездесу әсерлі өтті. Тұз қышқылы мен кальций хлоридін шығаратын Торап Chemical Industries зауытының ұжымы жаңа Конституциядағы лайықты енебек құқығы, уақытылы және әділ жалақы, сондай-ақ қауіпсіз енебек жағдайларын қамтамасыз ету нормаларын қолдады. Бұл ережелер мемлекеттік саясаттын айқын бағдары болып отыр. Жұмыскерлер өздері атап өткендей, бұл норма олардың өмірін, денсаулығын және кәсіби мүдделерін қорғауға берік негізін қалайды.

стандық үшін тарихи маңызы туралы әңгімелесті.

Мәжіліс Төрағасы жаңа Конституция халықтың сұранысына негізделгенін, ол Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған жүйелі реформалардың дәйекті жалғасы екенін атап өтті. Ата Заң жобасы — қоғамда қордаланған әділдікті орнықтыру, заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету және баршаға тең мүмкіндіктер беру жөніндегі талаптарға берілген жауап. Сондықтан парламенттік реформадан бастау алған конституциялық түзетулер Қазақстанның болашағы туралы кең ауқымды қоғамдық пікірталасқа ұласып, нәтижесінде жаңа Ата Занның қабылдануына алып келді.

— Өздерінің білесіздер, халық тарапынан 10 мыңнан астам ұсыныс түсті. Азаматтар елдің болашағы, қағидаттар мен құндылықтар туралы көбірек айта бастады. Осының бәрін саралай келе, парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы жаңа Конституция қабылдау қажеттігі туралы қорытындыға келді. Елдегі саяси жүйе тұтастай жаңарып жатыр. Биліктің барлық тармағы қайта құрылуда. «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласы беки түседі, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Ерлан Қошанов атап өткендей, жаңа Конституция өткен мен бүгінді байланыстырып, елдің болашаққа бағыт алған жолын айқындайды. Ал преамбулада байырғы казак жерінде мемлекеттілікті нығайту туралы қағиданың кепілдігі тарихи сабақтастықты және ұлттың сан ғасырлық тарихын айшықтайды.

Атырау тұрғындары, өз кезегінде, жаңартылған Конституция жобасында адамның құқықтары мен бостандықтарының жаңа кепілдіктері мемлекеттің ең жоғары басымдығы ретінде қарастырылғанын атап өтті. Мұнайлы өңір тұрғындары үшін енебек құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерді қорғау үшін құқықтық механизмдерді нығайту, сондай-ақ Заң мен Тәртіптің үстемдігі принципін бекіту ерекше маңызды. Бұл инвесторлар үшін де, жұмысшылар үшін де алдын ала болжанатын құқықтық ортаны қамтамасыз етеді.

Әңгіме барысында қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау нормасына ерекше назар аударылды. Олар алғаш рет Ата Занда іргелі принциптер деңгейінде бекітілуде. Жұртшылықтың пікірінше, бұл ереже мұнайлы өңір үшін аса өзекті. Экологиялық қауіпсіздік пен табиғи ресурстарды қорғау мәселелері мұнда тек декларация емес, келер ұрпақ үшін нақты болашақ кепілдігі болып саналады.

Аймақтың шығармашыл жастарымен кездесу Атырау Creative Hub орталығында өтті. Білім беру, ғылым, инновациялар, цифрлық құқықтарды қорғау және талантты жастардың әлеуетін таныту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Кездесуге қатысушылар жаңа Конституция технологиялар мен жасанды интеллект қарқынды дамыған дәуірде жеке деректерді қорғауды күшейтетінін және цифрлық қауіпсіздіктің заманауи стандарттарын қалыптастыратынын атап өтті.

Отбасылық мәселелер мен қоғамымызға тең дәстүрлі құндылықтарды сақтауға арнайы назар аударылды. Жас атыраулықтар жаңа Конституцияда некені іргірте түрде жасалған ер мен әйелдің одағы ретінде нақты айқындау отбасылық институтты қолдауға бағытталған жүйелі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және оны құқықтық деңгейде қорғауға мүмкіндік беретініне тоқталды.

Әр адамның енебек ету құқығы, қауіпсіз енебек жағдайлары, әділ енебекақы және әлеуметтік қорғау сынды жаңа Конституция жобасында жарияланған нормалар «ҚазТүрбоРемонт» қызмет көрсету орталығының ұжымымен өткен кездесулерде талқыланды.

Кәсіпорынның жас мамандары мемлекет пен бизнес олардың кәсіби дамуына қандай мүмкіндіктер жасайтынына қызығушылық танытты. Әсіресе, мемлекет адамның білімі мен кәсібилігін елдің стратегиялық ресурсына айналдыруға жағдай жасау жауапкершілігін өз мойнына алатыны туралы принципке көбірек назар аударды. Өндіріс мамандарының пікірінше, бұл өңірдегі жастардың даму көкжиегін кеңейтеді.

Кездесу барысында кәсіпорын қызметкерлері енебек жағдайлары мен заманауи инновациялық өндірістерді дамыту мәселелеріне қатысты бірқатар сұрақ қойды. Іргелі ұжым мүшелері жаңарған Ата Заң енебек жағдайларының қауіпсіздігін және әділ енебекақы кепілдіктерін күшейтетінін, ал мемлекеттік саясат адамның енебегі мен кәсіби жетістіктеріне негізделіп құрылатынын атап көрсетті.

Кездесулер қорытындысы бойынша Атырау тұрғындары 15 наурыздағы референдумға қатысу әрбір қазақстандықтың азаматтық борышы екенін айтты. Жергілікті жұртшылық өз таңдау құқығын пайдаланып, Қазақстанның тұрақты болашағы үшін дауыс беруге ниетті екенін білдірді.

Жалпыұлттық Коалицияның баспасөз қызметі
Суретті түсірген: Жаслан Жұмабаев,
Талғат Таныбаев
Дайындаған: «AMANAT MEDIA GROUP» ЖШС
Тапсырыс беруші: М.Ж. Оспанов
«AMANAT» партиясы
ҚБ қаражатынан төленді

РЕФОРМА

Өскемен қаласында Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы өкілдері шығармашыл-ғылыми және этномәдени бірлестіктер өкілдерімен, сонымен қатар жастармен кездесті.

Аида БАЛАЕВА: ПРЕЗИДЕНТ – ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ АВТОРЫ

Делегацияны Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева бастап барды. Кездесуге Парламент Мәжілісінің депутаттары Ұлықбек Тұмашинов пен Сергей Пономарев, Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин, «Еуразия» бірінші арнасының баспасөз хатшысы Полина Шиманская, С.Аманжолов атындағы ШҚУ баскарма төрағасы – ректоры Мұхтар Төлеген және басқалары қатысты.

Жиын жана Конституция жобасына және 15 наурызда өтетін республикалық референдумға арналды. Үкімет басшысының орынбасары жана Ата Заң жекелеген өзгерістерді емес, еліміздің одан әрі даму жолын стратегиялық тұрғыда айқындайтынын ерекше атап өтті.

— Жалпыұлттық коалиция 18-күн ел аралап, Мемлекет басшысының жана Ата Заң бойынша референдум өткізу бастамасына қолдау көрсетіп келеді. Енді небәрі 13 күннен кейін бүкіл халық болып мемлекетіміздің алдағы көпжылдық тағдырын ресми түрде айқындайтын боламыз. Расында да, мән-мазмұны жағынан да, максат-мүддесі тұрғысынан да жана Конституцияны шын мәнінде «Халықтық» деп атауға толық негіз бар. Өйткені оның өзегінде қарапайым азаматтарымыздың көкейінде жүрген көп сұраныс көрініс тапты.

Атап айтқанда, азаматтық құқықтардың едәуір кеңеюі, олардың әлеуметтік мүдделерінің толық сақталуы, ілім-ғылым, инновация, мәдениет пен жалпы руханияттың салтанат құруы, ел экономикасының цифрлық дәуірдегі орны мен оған берер жауабы. Айта берсе бұл тізім Конституцияның барлық 96 бабын қамтитын жаңалықтарға жалғаса береді. Десе де, менің пікірімше, жана Ата

Занымыздағы ең басты новелла — тұтас қоғамның заңдылық пен әділеттілікке деген ұзақ жылдар бойы күткен сұранысын ең жоғарғы құқықтық тұрғыда қанағаттандыру, — деді Аида Балаева.

Сонымен қатар Премьер-министрдің орынбасары жана Конституция жобасының тұжырымдамасы Президенттің жүйелі әрі жан-жақты ойластырған бастамаларынан тұратынын атап өтті.

— Шын мәнінде, жана Конституцияның көптеген прогрессивті жаңалықтары туралы айта отырып, оның 96 бабы мен 312 тармағының өзегінде Әділет идеясы тұрғанын ерекше атап өткім келеді. Дәл осы ұғым Негізгі заңның Преамбуласынан бастап «кызыл жіптей» тартылып, оның мәтініндегі әрбір жаңа нормаға өз рухын дарытады. Өйткені бұл жай ғана заңнамалық нормалар туралы емес, бұл — адамдардың әділетті өмірге деген заңды сұранысы туралы. Ал ондай өмірді тек «әділетті заңдар», «жалпыға бірдей мойындалған тәртіп» және, әрине, қоғамның жоғары рухани-адамгершілік қағидаттары қамтамасыз ете алады. Мұның барлығы — 2019 жылдан бері билік басына келген күннен бастап Президент жүргізіп келе жатқан мемлекеттік саясаттың негізіне айналған құндылықтар. Осы кезең ішінде Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасын жауапкершілік пен әділеттіліктің үйлесімі ретінде нық ілгерілетіп, құқықтар мен мүмкіндіктер тендігін жақтап келеді, — деп атап өтті А.Балаева.

Осы тұста министр Мемлекет басшысының «Әділеттілік — бұл заң мен тәртіптің қатан сақталуын, сондай-ақ күшті әрі прогрессивті қоғам құру жолындағы адал еңбекті талап ететін мемлекеттің моральдық компасы» деген сөзін еске салды.



— Шын мәнінде, Мемлекет басшысы заманауи шынайылық жағдайында нақты әрі бұлтартпас жауап табу онай емес осындай сұрақтарға жауап іздеуге ашық түрде шақырды. Өйткені уақыттың өзі елді өзгерістерге, ең алдымен, оның құқықтық негіздерін жаңартуға жетелейді. Бұл ретте абстрактілі ұғымдарға емес, барлық істе, ең алдымен, халықтың өмір сапасын арттыруда әділет қағидаттарын басшылыққа алу маңызды болды. Президенттің өзі мойындағандай, «ол әрбір шешімді қабылдауда осы қағидатты ұстанады».

Ел Президентінің сонау 2019 жылдан бері әрбір Жолдауында, әрбір бастамасында «Әділетті Қазақстанды» құрайық», «тәні де, жаны да таза қоғам қалыптастырайық», «азаматтарымыз тәртіпті, билік заңды ұстансын», «білім мен ғылым — қару, мәдениет пен руханият — қалқан болған мына заманда әлемнен қалмайық» деп келе жатқаны да сондықтан емес пе, — деп толықтырды Премьер-министрдің орынбасары.

Аида Балаева бәрі бір ғана мемлекеттің мойнында емес, ең алдымен сол мемлекетті күшті де қуатты ететін азаматтары екенін айтты. Сол үшін де Мемлекет басшысы «Адал азамат» идеясын қоғамның санасынан өткізіп, өскелең ұрпақтың жүрегіне жеткізуді міндет етіп отыр. Өйткені адал адам өз ортасының ұйымтқисы болса, адал қоғам — берекелі өмірдің жаршысы, ал адал мемлекет — баянды болашақтың басты кепілі.

— Сөз жоқ, оның ұшар биігінде әділетті, прогрессивті, адам мен азаматтың мүддесіне бейім Заң тұр. Алайда Заң — тек қондырма, ал ол берік негізсіз жұмыс істей алмайды. Бұл — өмірдің аксиомасы. Сондықтан алдымен саяси реформалар пакеті жүзеге асырылды. Оның нәтижесінде Президенттің 7 жылдық бір реттік өкілеттік мерзімі енгізілді,

қайта сайлану құқығы алынып тасталды; Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметші және квазимемлекеттік сектор басшысы лауазымдарын атқаруына тыйым салынды; Мәжіліске өту үшін партияларға қойылатын сайлау шегі 7%-дан 5%-ға дейін төмендетілді; саяси партияларды тіркеу тәртібі жеңілдетілді; бюллетеньге «Барлығына қарсы» деген баған енгізілді. Бұдан бөлек, Конституциялық сот қайта құрылды, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі күшейтілді, оның өңірлік өкілдіктері ашылды, аудан әкімдері мен облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлау жүйесі енгізілді және басқа да өзгерістер жүзеге асты.

Әрине, реформалардың кеңауқымды тізбегіндегі маңызды қадамдардың бірі — бір палаталы Парламентке көшу болды. Бұл реформаны Мемлекет басшысы өткен жылдың қыркүйегінде ұсынды. Қазан айының басында Президент бастамашылық еткен реформаны пысықтау мақсатында жұмыс тобы құрылды, — деп атап өтті Мәдениет және ақпарат министрі.

Аида Балаеваның сөзінше, кеңауқымды талқылауға заңгер-ғалымдар, сарапшылар, партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ е-Отinish пен eGov платформалары арқылы өз ұсыныстарын жолдаған азаматтар қатысты. Жарты жылға жуық уақыт бойы қарқынды жұмыс жүргізіліп, мыңдаған ұсыныс жинақталып, жүйелендірілді. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде ұсыныстардың саны соншалық көп болып, жана Конституция қабылдау қажеттілігі айқындалған.

— Сондықтан бүгін біз жана Конституция жобасын талқылай отырып, үлкен немесе кіші түзетулер туралы сөз қозғамаймыз.

Кейбір сыншыларымыз ойлағандай, біз ескіні жаңамен алмастырып жатқан жоқпыз. Әрі қандай да бір құқықтық немесе моральдық категориялардың қажеттілігі жайлы пікірталас жүргізіп отырған жоқпыз.

Біріншіден, бұл — ел дамуының траекториясын түбегейлі өзгерту туралы мәселе. Әңгіме осы дамудың сапасы туралы болып отыр. Екіншіден, бұл — ұлттық құндылықтарымыздың мәңгілігі туралы мәселе, олардың шыңында Тәуелсіздігіміз тұр. Енді біз оны тек қадірлеп қана қоймай, нық әрі сенімді түрде қорғаймыз. Үшіншіден, бұл — жүрегі таза, ниеті адал, білімді әрі жаһандық бәсекеге қабілетті қазақстандықтардың жаңа буыны туралы мәселе. Олардың ажырамас құқықтары мен бостандықтары бүгінгі цифрлық дәуірде ғылым, мәдениет және инновация құндылықтарымен нығайтылған, — деді Үкімет басшысының орынбасары.

Бұған қоса, Аида Балаева Жана Конституцияның тұжырымдамалық негізін Президенттің «Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» сияқты бастамалары Қасым-Жомарт Тоқаевты елдің Негізгі заңының басты авторы деп атауға толық негіз беретінін жеткізді.

— Мемлекет басшысы жұртшылықтан түскен әрбір ұсынысты жеке қарап, сын-пікірлерді де назардан тыс қалдырмай, одан тиісті қорытындылар жасап отырды. Сондықтан Конституциядағы көптеген қағидатты өзгерістерді өзі тұжырымдап, Конституциялық комиссияның қарауына жеке ұсынды.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов жана Конституция жобасы ауқымды қоғамдық диалогтың нәтижесі екенін, азаматтар мен сарапшылар қауымдастығының ұсыныстарына сүйене отырып әзірленгенін айтты.

Кездесу барысында қатысушыларға жобалағы бірқатар институционалдық жаңалықтар, соның ішінде қоғамдық қатысу тетіктері мен басқару жүйесінің тұрақтылығы мәселелері түсіндірілді. Парламент Мәжілісінің депутаты Ұлықбек Тұмашинов бірқатар институттардың тарихи сабақтастығына және билік сабақтастығын қамтамасыз ету міндеттерін тоқталды.

Университет аланында адами капитал тақырыбына және өңірлік жоғары оқу орындарының білім экономикасындағы рөліне ерекше назар аударылды. «С.Аманжолов атындағы ШҚУ» баскарма төрағасы — ректоры Мұхтар Төлеген Конституцияда адам дамуын негізгі бағыттардың бірі ретінде айқындау технологиялық даму мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру секілді заманауи талаптарға сай келеді.

Пікірталас барысында қатысушылар құжат елдің болашағына айқын бағдар беретінін атап өтті. Мәтінде адами капиталды дамытуға, білім мен ғылымға, инновацияларға, экологиялық жауапкершілікке және келешек ұрпақ алдындағы міндеттерге ерекше мән берілгені айтылды.

Кездесу соңында қатысушылардың барлық сұрақтарына толық жауап берілді.

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ БАСТЫ ОРЫНҒА ҚОЙЫЛАДЫ

Өскемен қаласында «Қазцинк» ЖШС алаңында «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы мүшелері кәсіпорын ұжымымен кездесті. Жиынға Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Мәжіліс депутаттары, Кәсіподақ федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин, сондай-ақ кәсіпорын мамандары қатысты.

Кездесу барысында Аида Балаева металлургия саласының Қазақстан экономикасындағы шешуші рөлін атап өтті. Бұл — елдің экспорттық әлеуетін айқындайтын, халықты жұмыспен қамти алатын және құрылыс, машина жасау және энергетиканың дамуына ықпал ететін негізгі салалардың бірі. Ол Ата Заңның жана редакциясы еңбек, қауіпсіздік және қызметкерлердің әлеуметтік қорғалу мәселелерін тікелей қамтитынын ерекше айтты.

«Көп жылдан бері «Қазцинк» компаниясы Қазақстанның түсті металдар экспорттық нарығында ең жоғары бәсекелестікке төтеп беріп, қарқынды дамып жатқан ұжым. Алайда өнеркәсіптің әрі қарай дамуы, білікті мамандардың жұмыс істеуі және шетелдік инвестицияларды тарту үшін ішкі саяси тұрақтылық бізге бұрыннан да маңызды болып отыр. Өздеріңіз білесіздер, 15 наурызда жана Конституция бойынша референдум өтеді. Бұл — жай ресми рәсім емес. Әр азаматтың мемлекеттік маңызы бар мәселелерге атсалысып, өз ұстанымын тікелей білдіру мүмкіндігі. Соңғы жарты жылда Ата Заңның жана мәтіні әзірленді. Ел тарихында алғаш рет Егемендік, Тәуелсіздік, ел аумағының тұтастығы мен басқару нысаны өзгермейтіні нақты бекітілді», — деді вице-премьер.

Сонымен қатар Аида Балаева еңбек ұжымдарына тікелей қатысты нормаларға тоқталды.

«Ата Занда еңбек ету құқығы, қауіпсіз еңбек жағдайлары және әділ еңбекақы алу құқығы бекітіледі. Бұл нормалар өндірістік қаражатты азайтуға және қызметкерлердің денсаулығын сақтауға бағытталған. Яғни,



еңбек жағдайы үшін жұмыс беруші мен мемлекеттің жауапкершілігі ең жоғары деңгейде — Конституцияда бекітіледі. Заң үстемдігі орныққан елде тұрақтылық пен ертеңгі күнге сенім мол болады. Демек, кәсіпорындар мен қызметкерлер отбасыларына жағдай жасай алады. Негізгі өзгеріс ретінде Конституцияда басты орынға азамат — оның құқықтары мен қажеттіліктері, еңбегі қойылғанын көруге болады», — деп атап өтті А.Балаева.

Кәсіпорын қызметкерлері алдында Парламент Мәжілісінің депутаты Сергей Пономарев те сөз сөйледі. Ол жана Конституция жобасы цифрлық дәуір кезеңінде және онлайн ортада адам құқықтарын қорғауды күшейтетінін айтты.

Өнеркәсіп саласының өкілдері де алдағы референдум экономиканың орнықты дамуы мен еңбек ұжымдарының болашағы үшін маңызды екенін сөз етті. «Қазцинк» Өскемен металлургия кешенінің директоры Тимур Токжігітов те пікір білдірді.

— «Қазцинкте» 19 мыңға жуық адам жұмыс істейді, оның 4 мыңы — Өскемен металлургия алаңында қызмет етеді. Жұмысшылардың төрттен бірі — жалпы нәтижеге баршамен тең үлес қосып жүрген әйелдер. Біздің еңбек ұжымы үшін алдағы референдум — жай қоғамдық-саяси оқиға емес, біз еңбек етіп, бала тәрбиелеп, ұзақмерзімді өндірістік жоспар құрып отырған елдің стратегиялық даму мәселесі. Біз 2026 жылғы 15 наурызда өтетін референдумға міндетті түрде қатысамыз», — деді Тимур Токжігітов.

Бұдан соң Өскемен қаласының Орталық мәдениет үйінде жалпыұлттық коалиция мүшелері Шығыс Қазақстан облысының шағын және орта бизнес пен агроөнеркәсіп кешені өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева тұрақты құқықтық ортаны құрудың маңызын атап өтті. Сондай-ақ жана Конституция жобасының инвестицияларды қорғауды күшейтуге, сот жүйесіне сенім арттыруға және тұрақты экономикалық дамуға жағдай жасауға бағытталғанын айтты.

«Кәсіпкер ойын ережелерінің кенеттен өзгермейтініне, инвестицияларының қорғалатынына, сот жүйесінің дауларды әділ әрі ашық шешетініне сенімді болуы қажет. Тек осындай жағдайда ғана ұзақмерзімді стратегиялар жасалып, жана жұмыс орындары ашылады, өндіріс дамиды. Сондықтан 15 наурыздағы референдум — осы қағидалары конституциялық деңгейде бекітетін тарихи мүмкіндік. Жана Конституция жобасында меншік құқығын қорғау кепілдіктері күшейіп, заңдардың күші кері қолданылуына тыйым салынады, мемлекеттік басқарудың айқын әрі жауапты жүйесі қалыптасады. Бұл кәсіпкерлік үшін тәуекелдерді азайтса, ел үшін тұрақтылықты нығайтады, әр азамат үшін болашаққа сенімділік береді», — деп атап өтті Аида Балаева.

Үкімет басшысының орынбасары «Заң және тәртіп» қағидаты шынайы бәсекелестікті қалыптастыруға ықпал ететінін де сөз етті.

«Заң және тәртіп» қағидаты адал бәсекелестік ортасын құрмақ, онда заңды бизнес қорғалып, ал жасырын әрекеттер өшкере-ленеді. Әділ ережелер — кәсіпкердің басты серігі. Мемлекет басшысы «еңбек адамының» маңызын бекер атап өтпеді. Кәсіпкерлер мен шаруалар — тәуекелге бел буып, жұмыс орындарын ашып, халықты жұмыспен қамтитын, елдің экономикалық күшін қалыптастыратын адамдар. Жана Конституция экономикалық бастаманы қолдауға және сонымен бірге заңға, қоғамға, келешек ұрпаққа деген жауапкершілікті күшейтуге бағытталған. Қуатты экономиканы қуатты мемлекетсіз құру мүмкін емес. Ал қуатты мемлекетте сенім, әділдік және еңбекке құрмет басты құндылықтар болып саналады. Бүгінде Қазақстанның болашағы — тұрақты, бәсекеге қабілетті және өз күшіне сенімді ел болатыны бізге байланысты», — деді Аида Балаева.

Кездесуде қатысушылар экономикалық және салалық мәселелермен қатар, реформалардың құндылықтарына да тоқталды. Атап айтсақ, жауапкершілікке шақыру, азаматтық қатысудың деңгейін арттыру және оны құру мәдениеті талқыланды SAMGA дамыту орталығының жетекшісі Әлия Көңілхан ел үшін тек экономикалық даму емес, сонымен бірге адамгершілік құндылықтар, берік отбасы және болашаққа деген жауапкершілік маңызды екенін атап өтті. NIETWOMAN ҚҚ төрайымы Алтынай Төлеухан референдум мемлекет құндылықтарын онжылдықтарға айқындайтынын, ал әділ ережелер сенім, инвестиция мен даму

үшін, әсіресе әлеуметтік экономика мен әйелдер кәсіпкерлігінде маңызды рөл атқаратынын мәлімдеді.

Кездесу соңында ШҚО-ның шағын және орта бизнесі мен агроөнеркәсіп кешенінің өкілдері конституциялық өзгерістер тұрақтылыққа кепілдік беру, заңды құқықтарды қорғау, өндірісті жаңғырту және өңірлердің тұрақты дамуына жағдай жасауға жол ашатынын атап өтті.

Осыдан кейін Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің базасында жалпыұлттық коалиция мүшелерінің сапары аясында облыстың туризм саласының өкілдерімен дөңгелек үстел өтті.

Аида Балаева жана Конституция жобасы адамды, оның құқықтарын, қауіпсіздігін және болашағын ел дамуының негізгі басымдығы ретінде негіздейтінін атап өтті. Сонымен қатар жана Конституция елдің мемлекеттік құрылымының нығаюы мен экономикалық дамуы үшін құқықтық және институционалдық негіз қалыптастырады. Премьер-министрдің орынбасары туризм саласы үшін құқықтық тұрақтылық, инвестиция мен табиғи-мәдени мұраны қорғау ерекше маңызды екенін айтты.

«Табиғатты қорғау қағидатын бекіту үлкен маңызға ие. Бұл — туристік сала үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Қоршаған ортаны қорғау тек экологиямен байланысты ғана емес, ұлттық қауіпсіздік пен болашақ ұрпақтың мәселесі. Табиғат — экономикалық ресурс қана емес, біздің ұлттық бірегейлігіміздің, тарихымыз бен мәдениетіміздің бір бөлігі. Оны сақтау — міндетіміз, ал оны жан-жақты дамыту — өскелең ұрпақ алдың-ауға жауапкершілігіміз. Туризм саласы үшін ерекше маңызды дүние — алдын ала пайымдау мен сенім. Инвесторлар мен кәсіпкерлер заңның айқын болуына, меншік құқығының қорғалуына және мемлекеттік шешімдердің тұрақтылығына сенімді болуы тиіс», — деп атап өтті Аида Балаева.

Мәжіліс депутаты Ұлықбек Тұмашинов өз сөзінде туризмнің тұрақты дамуы табиғи аумақтарды қорғаумен қатар, бизнестің инфрақұрылымына, қызмет көрсету сапасына және жана бағыттар ашуға инвестиция салуына мүмкіндік беретін құқықтық негіздердің болуын талап ететінін атап өтті.

Конституциялық реформа комиссиясының мүшесі Сергей Пономарев бір палаталы Парламент — Құрылтай туралы ұсынылған үлгісіне толығырақ тоқталып, өзгерістер артық бюрократияны азайтуды және депутаттардың жауапкершілігін күшейтуді мақсат ететінін айтты.

Жиын соңында Шығыс Қазақстан облысының туристік сала өкілдері конституциялық реформаны қолдайтынын білдіріп, алдағы референдумға азаматтардың қатысуы қоғам сенімін арттырып, инвестициялық ахуалды жақсартуға және өңірлердің орнықты дамуына ықпал ететін маңызды қадам екенін атап өтті.

3 НАУРЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ



ПРЕЗИДЕНТ БАСТАМАЛАРЫ ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕГІ ДҮНИЕЛЕРДІ АЙҚЫНДАЙДЫ

Президенттің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Арман Қырықбаев Алматы жастарымен кездесіп, жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін талқылады. Диалог ашық әрі мазмұнды өтті. Студенттер, белсенділер мен қоғам өкілдері тарапынан көптеген сұрақ қойылды. Әсіресе, жиналған қауымды жаңа Ата Заңдағы жастарға арналған мүмкіндіктер ерекше қызықтырды.

«Жаңа Конституция жастарға не береді?» деген сауал кездесу барысында ең көп қойылған және де талқыланған тақырыптардың біріне айналды. Әрбір сұраққа жауап берген Арман Қырықбаев 15 наурызда өтетін республикалық референдумға шығарылған жаңа Конституция жобасы тек заманауи сын-катерлерге жауап беріп қана қоймай, елдің ұзақмерзімді дамуының берік негізін қалайтынын атап өтті. Жаңа Ата Заңда адам құқықтарының кепілдіктеріне, кәсіпкерлікті қолдауға, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге және ғылым мен инновацияны дамытуға айрықша мән берілген.

Президент көмекшісінің айтуынша, жаңа Конституция бәсекеге қабілетті, білімді әрі технологиялық тұрғыдан сауатты ұрпақ өсіру үшін құқықтық негізді қалыптастырады. Ол жас ғалымдар мен стартап-жобаларға қолдау көрсетуді күшейту мемлекеттің стратегиялық басымдықтарының бірі екенін жеткізді.

Сонымен қатар кездесу барысында жаңа Конституция жобасында көрініс тапқан Президенттің «Әділетті Қазақстан», «Таза Қазақстан» және «Заң мен Тәртіп» бастамаларына айрықша көңіл бөлінді.

«Заң мен Тәртіп» қағидаты, қоршаған ортаға ұқыпты қарау, «Әділетті Қазақстан» идеясы – Президенттің жыл сайынғы халыққа Жолдауларында, мақалалары мен сөздерінде үнемі айтылып келеді. Көп жағдайда олар жастарға арналып жатады. Жаңа Конституция мәтінін әзірлеу барысында 10 мыңнан астам ұсыныс түсті. Олардың басым бөлігі адамға бағдарланған құндылықтарға арналды – әділеттіліктің салтанат құруы, заң мен тәртіптің үстемдігі, қалаларымыз бен ауылдарымыздың тазалығы, жасампаз әрі ізгі ниеттер. Демек, Мемлекет басшысы халықтың жүрегінде көптен бері жүрген дүниелерді қозғап жүр. Сондықтан бұл идеялардың жаңа Конституция мәтінінде көрініс табуы заңды құбылыс», – деп түйіндеді ол.

ҚАЗАҚСТАН АДАЛДЫҚ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫМҒА ҚОСЫЛДЫ



Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) Қазақстан Республикасының ЭЫДҰ-ның Қоғамдық адалдық жөніндегі ұсынымына (OECD Recommendation on Public Integrity) қосылғанын ресми түрде растады. Бұл туралы тиісті хатты ЭЫДҰ Бас хатшысы Маттиас Корманн Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасының атына жолдады.

Аталған шешім ЭЫДҰ-ның Қазақстандағы қоғамдық адалдық жүйесі мен оның іске асырылу тетіктеріне жүргізген кешенді шолуының қорытындылары және Ұйым аясындағы барлық рәсімдердің толық аяқталуы негізінде қабылданды. Қабылданған шешім Қазақстанның адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат саласында ЭЫДҰ стандарттарын енгізу жөніндегі міндеттемелерді қабылдағанын растайды.

ЭЫДҰ-ның Қоғамдық адалдық жөніндегі ұсынымы – мемлекеттік басқару жүйесінде адалдық мәдениетін қалыптастыруға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың заманауи тәсілдерін орнықтыруға бағытталған негізгі халықаралық құжаттардың бірі. Құжат 13 кандидатқа негізделген және мемлекеттік аппараттың барлық деңгейінде, сондай-ақ тұтастай қоғамда адалдықты қамтамасыз етудің жүйелі, тәуекелге бағдарланған әрі контексті ескеретін тәсілдерін іске асыруды көздейді.

Бұл қадам Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан

кәсіби, есеп беретін және азаматтарға бағдарланған мемлекеттік аппаратты қалыптастыру жөніндегі реформалардың маңызды кезеңі саналады.

Қазақстанның ЭЫДҰ Ұсынымына қосылуы – халықаралық стандарттарға әрі «Әділетті Қазақстан» қағидаттарына сай өзгерістердің орын алып жатқанын растайды.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі аталған Ұсынымға қосылуды мемлекеттік қызмет жүйесін одан әрі жетілдірудің, әдеп стандарттарын күшейтудің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді дамыту мен азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін одан әрі арттырудың тиімді құралы ретінде қарастырады.

Агенттік алдағы уақытта да Мемлекет басшысының мемлекеттік басқару жүйесіне озық халықаралық тәжірибелерді енгізу және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру жөніндегі тапсырмаларын тұрақты түрде іске асыруды жалғастырады.

**ЖАҢА
КОНСТИТУЦИЯ**

**ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯ
«ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ
КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН»**

15
НАУРЫЗ
referendum2026.kz

**Әрқайсымыздың
дауысымыз маңызды!**

**15 НАУРЫЗ
РЕФЕРЕНДУМ**

«Есептен шығару куәлігі»

**2026 жылдың 15 наурызында республикалық
референдум өтеді.**

**2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде
референдумға қатысуға құқылы азаматтардың
тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі
берілетін болады.**

**Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу
учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне
аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе,
ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат
18:00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің
негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен
шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.**

**Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік
референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның
болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді
мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін
азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.**

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

**Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы**
www.election.gov.kz

РЕФОРМА

3 НАУРЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

— Жаңа Конституция жобасында мемлекеттің зайырлылық қағидаты қалай айқындалған?

— Жаңа Конституция жобасында мемлекеттің зайырлылық қағидаты бір ғана нормамен емес, өзара байланысты ережелер кешені арқылы жүйелі әрі дәйекті түрде айқындалған. Біріншіден, 1-бапта «Қазақстан Республикасы — демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет» ретінде аталады. Бұл зайырлылық мемлекеттіліктің демократия және құқық үстемдігі сынды іргелі сипатымен қатар конституциялық құрылыстың негіздері деңгейінде бекітілгенін білдіреді.

Екіншіден, 7-бапта зайырлылықтың мазмұны діннің мемлекеттен бөлінгені туралы тікелей норма арқылы ашылады. Бұл мемлекеттік органдар діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпайтынын және оларға мемлекеттік функциялар жүктемейтінін білдіреді. Сонымен қатар олардың қызметі заңға сәйкес жүзеге асырылады және конституциялық құрылысты, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның имандылығын қорғау мақсатында шектелуі мүмкін. Мұнда белгілі бір тепе-теңдік көрінеді: ар-ождан және дін бостандығы танылады әрі кепілдік беріледі, алайда ол қоғамдық мүдделер мен мемлекеттің қауіпсіздігіне зиян келтіру үшін пайдаланылауға тиіс.

Үшіншіден, мемлекеттің зайырлы сипаты 6-баптың нормалары арқылы да күшейтіледі. Бұл бап конституциялық құрылысты бұзуға, діни алауыздықты қоздыруға немесе елдің тұтастығын бұзуға бағытталған қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне тыйым салады. Әсіресе, діни негіздегі саяси партияларды құруға тікелей тыйым салынуы және олардың шетелдік субъектілер тарапынан қаржыландырылуына жол берілмеуі ерекше мәнге ие.

Төртіншіден, 33-бап республика аумағындағы білім беру ұйымдарында білім беру мен тәрбиенің зайырлы сипатын бекітеді, бұл ретте діни (рухани) оқу орындары ерекшелік ретінде қарастырылады. Яғни, білім беру жүйесі бейтарап, діни емес негізде құрылады, бұл — зайырлы мемлекеттің негізгі белгілерінің бірі.

Осылайша, Конституция жобасында зайырлылық қағидаты кешенді түрде жүзеге асқан: мемлекеттің конституциялық мәртебесін айқындау арқылы, дін мен биліктің институционалды бөлінуі арқылы, діни-саяси қызметке шектеулер енгізу арқылы және білім беру жүйесінің зайырлы сипатын бекіту арқылы. Бұл дін бостандығын құрметтейтін, бірақ діни салада бейтараптықты сақтайтын әрі конституциялық құрылысты діни саясиандырудан қорғайтын мемлекет моделін білдіреді.

— Жаңа жобадағы қағидат бұрынғы Конституциядағы нормалардан несімен ерекшеленеді? Нақты мысалдар келтіре, тарқатып айтсаңыз.

— 1995 жылғы қолданыстағы Конституцияда мемлекеттің зайырлы сипаты жалпы түрде ғана белгіленген: 1-бапта Қазақстан «зайырлы мемлекет» деп аталады, 14-бапта дінге қатысты теңдік және кемсіту-

Конституциялық реформаға қатысты қоғамды толғандыратын мәселелер аз емес. Соның бірі — Жаңа Конституция жобасына енген мемлекеттің зайырлылық қағидатына басымдық беретін өзгерістер. Мемлекеттің зайырлы сипаты жаңа жобада қалай көрініс тапқанын саясаттанушы, Конституциялық комиссия мүшесі Бөріхан Нұрмұхамедов егжей-тегжейлі айтып берді.

Бөріхан НҰРМҰХАМЕДОВ, Саясаттанушы:

НОРМАЛАР ӘДІЛ ҚОЛДАНЫЛСА, СЕНІМ АРТАДЫ

шілікке тыйым салу бекітілген, 19-бапта адамның діни тиесілігін көрсетуге немесе көрсетпеуге құқығы көзделген, 20-бапта сөз бостандығы және діни үстемдікті насихаттауға, діни алауыздықты қоздыруға тыйым салу нормалары бар. Негізнен, бұл мемлекет зайырлы, азамат сенім таңдауда еркін, барлығы тең, ал экстремизме, алауыздыққа және зорлық-зомбылыққа шақыруға жол берілмейді дегенді білдіреді. Алайда қолданыстағы Конституцияда «дін мемлекеттен бөлінген» деген қағида тікелей айтылмайды, діни ұйымдардың қызметін қандай «құқықтық негіздермен» шектеуге болатыны нақты көрсетілмеген. Мәселелер тек заңдар мен құқықты қолдану тәжірибесінде реттеліп келді.

Жаңа Конституция жобасында зайырлылық қағидаты анағұрлым айқын әрі егжей-тегжейлі жазылған. 7-бапта діннің мемлекеттен бөлінгені тікелей көрсетіледі. Бұл — жай ғана жалпы мәлімдеме емес, мемлекеттік органдар мен діни ұйымдардың әрекетін бағалауда сүйенуге болатын нақты құқықтық ереже. Мысалы, мемлекеттік орган өз функцияларын діни құрылымдарға беруге құқылы емес. Бұл ресми анықтамалар беру, кадрлық шешімдерге қатысу немесе мемлекеттік мекемелерде міндетті діни талаптарды енгізу сияқты мәселелерге де қатысты.

Жобада діни ұйымдардың қызметі қандай жағдайларда шектелуі мүмкін екені де нақты әрі ашық көрсетілген: конституциялық құрылысты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен имандылығын қорғау мақсатында. 1995 жылғы Конституцияда мұндай шектеулер жалпы тыйымдардан (мысалы, алауыздықты қоздыру немесе экстремизмге тыйым салу) туындағанымен, дәл діни ұйымдарға қатысты жеке тізім болмаған еді. Енді бұл негіздер тікелей

аталып, реттеу анағұрлым түсінікті әрі формалды сипатқа ие болады. Мұнымен қатар саяси жүйенің зайырлы сипаты күшейтіледі. Жаңа жоба зайырлы мемлекет моделін құқықтық тұрғыдан неғұрлым егжей-тегжейлі және басқаруға қолайлы етеді. Дегенмен тепе-теңдікті сақтау маңызды: шектеу негіздері неғұрлым кең болған сайын, олардың тұжырымдары соғұрлым нақты болуы және заңның ерікті түрде қолданылуына қарсы кепілдіктер соғұрлым мықты жұмыс істеуге тиіс.

— Жаңа өзгерістер халықаралық талаптарға қаншалықты сай?

— Ұсынылып отырған өзгерістерді дін бостандығы мен зайырлы мемлекет саласындағы негізгі әмбебап халықаралық стандарттар тұрғысынан бағалайтын болсақ, олар халықаралық талаптарға сәйкес келеді. Осы бағыттағы басты халықаралық бағдар — Қазақстан қатысушы болып отырған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 18-бабы. Осы нормаға сәйкес, ой, ар-ождан және дін бостандығы әркімге кепілдік беріледі, ал шектеулер тек үш шарт сақталған жағдайда ғана жол беріледі: олар заңмен көзделуге тиіс, заңды мақсатты (қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, денсаулықты, имандылықты немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау) көздеуі керек және қажетті әрі мөлшерлес болуы қажет. Жаңа жобада діннің мемлекеттен бөліну қағидаты бекітіледі әрі халықаралық тәжірибеге де сәйкес келеді. Халықаралық құқық мемлекеттерге міндетті түрде діни немесе зайырлы модельді таңдауды жүктемейді, бірақ кез келген модель жағдайында теңдік пен дін ұстану еркіндігін қамтамасыз етуді талап етеді. Діни ұйымдардың қызметі шектелуі мүмкін мақсаттардың тізбесі (конституциялық құрылысты, адам құқықтары мен бостандықтарын, ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулық пен имандылықты



қорғау) халықаралық құқықта көзделген рұқсат етілген шектеу негіздерімен сәйкес келеді. Білім беру жүйесінің зайырлы сипатын бекіту де халықаралық стандарттарға сәйкес келеді, алайда заң шеңберінде ата-аналардың көзқарасына сәйкес балаларға діни және адамгершілік тәрбие беру құқығы мен сенім бостандығы сақталуға тиіс.

— 1995 жылғы Конституцияда, 5-бапта идеологиялық, діни бірлестіктерге қатысты қағидаттар белгіленіп еді, енді бұл механизмдер қалай көрініс табады?

— 1995 жылғы Конституцияда (5-бап) идеологиялық және діни бірлестіктерді реттеу жеткілікті түрде нақты әрі егжей-тегжейлі тұжырымдалған. Біріншіден, идеологиялық және саяси әртүрлілік қағидаты бекітілді. Екіншіден, діни негіздегі саяси партиялардың қызметіне тыйым салынды. Үшіншіден, шетелдік діни бірлестіктер үшін ерекше тәртіп белгіленді: олардың ел аумағындағы қызметі және басшыларын шетелдік діни орталықтардың тағайындауы мемлекеттік органдармен келісу арқылы ғана жүзеге асырылуға тиіс еді. Осылайша, Конституция плюрализм қағидатын мемлекеттің зайырлы сипатын қорғау және сыртқы діни ықпалды бақылау тетіктерімен тікелей байланыстырды. 2026 жылғы жаңа Конституция жобасында тиісті тетіктер сақталғанымен, біршама өзгертіліп, қайта бөлінген. Идеологиялық және саяси әртүрлілік қағидаты толық сақталған, ол бұрынғыдай конституциялық құрылыстың негізі ретінде бекітілген. Діни негіздегі саяси партияларды құруға тыйым салу нормасы да сақталған, бұл мемлекеттің зайырлы сипатының өзгермейтінін және партиялық саясатта діни бірегейлікті институционализациялауға жол берілмейтінін көрсетеді. Өзгеріс шетелдік діни бірлестіктердің қызметін реттеуге қатысты. 1995 жылғы Конституциядан айырмашылығы, жобада олардың қызметін және басшыларын тағайындауды мемлекеттік органдармен келісу туралы тікелей норма жоқ. Бұл діни саланы егжей-тегжейлі реттеу арнайы заңдар деңгейіне ауыстырылатынын

білдіреді. Сонымен қатар жоба ұлттық қауіпсіздік пен шетелдік ықпалға қатысты құқықтық нормаларды күшейтеді. Шетелдік көздерден қаржыландырылатын коммерциялық емес ұйымдардың қаржыландыруының ашықтығын қамтамасыз ететін кеңірек тетік енгізіледі. Егер діни бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар санатына жататын болса, оларға да жанама түрде қатысты болады. Нәтижесінде, сыртқы ықпалды бақылаудың неғұрлым әмбебап механизмі қалыптасады.

— Осы мәселеге қатысты жаңа жобаның қай тұсын жетілдіру керек деп санайсыз?

— Егер одан әрі жетілдіру мүмкіндігі туралы айтар болсақ, ең алдымен, Конституция нормаларынан туындайтын заңдарға қатысты болуы мүмкін. Мәселен, қазір бірлестіктердің қызметін шектеу негіздері «қоғамдық тәртіпті бұзу» сияқты тұжырымдар арқылы кеңейтіліп отыр. Мұндай ұғымдарды әртүрлі түсіндіруге болады, сондықтан кез келген шектеулер тек заң негізінде, сот шешімімен және мөлшерлестік қағидатын сақтай отырып қолданылатынын тікелей бекіткен жөн. Бұл ерікті түрде тыйым салудың алдын алып, жүйеге деген сенімді күшейтуге көмектеседі.

Шетелдік діни бірлестіктерді реттеу және үкіметтік емес ұйымдардың қаржыландыруының ашықтығы мәселелеріне де мұқият қарау қажет. Реттеудің егжей-тегжейін қарапайым заңдар деңгейіне көшіру кезінде мемлекеттің зайырлы сипаты мен дін бостандығы арасындағы тепе-теңдікті нақты айқындау маңызды. Қаржыландырудың ашықтығы дербес деректерді қорғаумен ұштасуға тиіс, ал діни негіздегі партияларға тыйым салу азаматтардың өз сеніміне қарамастан, саясатқа қатысу құқығын шектемейтіні туралы нақты түсіндірумен қатар жүруі қажет.

— Бұл өзгерістер қоғамға қалай әсер етеді деп пайымдайсыз?

— Ұсынылып отырған өзгерістер қоғамға елеулі әсер етуі мүмкін, алайда бәрі олардың іс жүзінде қалай қолданылатынына байланысты болады. Діннің мемлекеттен бөлінуі туралы нақты ереженің және білім беру жүйесінің зайырлы сипатының тікелей бекітілуі жүйені анағұрлым түсінікті етеді. Бұл діни ұйымдар мемлекеттік функцияларды атқара ала ма және жалпы білім беретін мектептерде міндетті діни элементтерге жол беріле ме деген даулардың алдын алуға көмектеседі.

Саяси бәсеке конфессиялық тиесілілікке емес, бағдарламалар мен идеяларға негізделетін болмақ. Осы орайда шектеу негіздерінің кенеюі мемлекетке қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қорғау үшін қосымша мүмкіндіктер береді. Экстремизммен күресте де пайдалы болуы мүмкін, бірақ сақтықты талап етеді. Егер нормалар әділ және сот бақылауымен қолданылса, сенім артады. Ал олар шамадан тыс немесе таңдамалы түрде пайдаланылса, керісінше, қоғамда шиеленіс туыдыру ықтимал. Қорытындысында бәрін шешетін — сенім бостандығы мен конституциялық құрылысты қорғау арасындағы тепе-теңдік.

— Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан Айсұлу СЫЕЗХАН

ҚОҒАМДЫҚ ИНСТИТУТТАРДЫҢ ТАРИХИ ҚАДАМЫ

Елімізде жаңа Конституция жобасы кеңінен талқыланып жатыр, оны институционалды логика тұрғысынан қарау маңызды. Конституция – құр саяси декларация емес, болашақ билік архитектурасын бекітетін негізгі құжат. Сондықтан құжаттың мазмұнын талдауда эмоциядан гөрі «қандай институттар пайда болады және олар қалай жұмыс істейді?» деген сұрақ алдыңғы қатарға шығуға тиіс.

Әсет ҚАЛИ

Конституциялық реформа — тек баптарды өзгерту емес, мемлекет пен қоғам арасындағы қатынасты қайта құру. Әсіресе, Қазақстан сияқты саяси трансформация кезеңін бастан өткіріп отырған ел үшін бұл — билік тармақтарының жаңа конфигурациясын анықтайтын стратегиялық қадам.

Осы мәселеге қатысты пікір білдірген саясаттанушы Жанерке Қайратқызының айтуынша, мәселен, Халық кеңесінің құрылуы — кездейсоқ саяси қадам емес, Қазақстандағы консультативтік институттардың эволюциялық дамуының қисынды жалғасы.

«Егер біз соңғы 20 жылдағы қоғамдық кеңестердің, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің, кейінгі Ұлттық құрылтай форматының тәжірибесіне қарасақ, мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың институционалды негізі біртіндеп қалыптасқанын көреміз. Халық кеңесі сол тәжірибені жинақтап, жаңа сапалық деңгейге көтеруі тиіс», — деді ол.

Мысалы, 2006 жылдан бастап әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдар жанынан қоғамдық кеңестер құрыла бастады. Кейіннен «Қоғамдық кеңестер туралы» және «Қоғамдық бақылау туралы» заңдар

қабылданып, азаматтық қоғамның мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне қатысуының құқықтық негізі нығайтылды. 2019 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылып, кейін бұл бастама Ұлттық құрылтай форматына ұласты. Бұл институт қоғамдық диалогтың жаңа форматын қалыптастырды деуге болады. Сонымен қатар 2007 жылдан бері конституциялық мәртебеге ие болған Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) этносаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып келді.

«Бұл институттар уақыт өте келе функционалды тұрғыдан күрделеніп, қоғамдық бақылау, сараптамалық талқылау, консультативтік ұсынымдар әзірлеу сияқты құралдарды практикада сынақтан өткізуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимыл мәдениеті қалыптасып, азаматтық қоғам субъектілері институционалды тәжірибе жинақтады», — дейді саясаттанушы.

Сондай-ақ сарапшы мұндай институттың табысты жұмыс істеуі оның құрамының ашық қалыптасуына, өкілділігі теңгеріміне және қабылданған ұсынымдардың орындалу механизміне байланысты екенін атап өтті. «Конституциялық мәртебе — бұл тек құқықтық негіз. Ал оның саяси

мәні билік тармақтарының осы органмен санасу деңгейіне тікелей тәуелді.

Оның пайымдауынша, егер Халық кеңесі шынайы қоғамдық диалогтың платформасына айналып, түрлі әлеуметтік топтың мүдделерін институционалды арнаға тоғыстыра алса, онда бұл қадам саяси жүйенің жауапкершілік пен есептілік мәдениетін нығайтуға ықпал етуі мүмкін.

Еуразия ұлттық университетінің саясаттану кафедрасы аға оқытушысы, халықаралық сарапшы Жанат Момынқұловтың ойынша, жалпы қоғамдық бақылау тетіктерін институционалды деңгейде бекітуге ұмтылыс бар. Қоғамдық ұйымдар мен ұлттық кеңестердің мәртебесін нақтылау, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының тәуелсіздігін күшейту, конституциялық бақылау механизмдерін жетілдіру шаралары билік пен қоғам арасындағы аралық буындарды рәсімдеуге деген талпыныс сияқты көрінеді. «Бұл 2022 жылғы конституциялық өзгерістерден кейін қалыптасқан эволюциялық бағыттың жалғасы», — дейді сарапшы.

— Екінші маңызды мәселе — жергілікті өзін-өзі басқаруды тереңдету мүмкіндігі. Мәслихаттардың өкілеттігін кеңейту, ауылдық және аудандық деңгейдегі сайланбалы басқару элементтерін нақтылау, қоғамдық тыңдаулар мен жергілікті референдум тетіктерін құқықтық бекіту орталықтан аймаққа қарай жауапкершілікті қайта бөлуге ұмтылысты білдіретін сияқты. Егер бұл нормалар нақты қаржылық және әкімшілік өкілеттікпен бірге жүрсе, онда олар формалды емес, мазмұнды институттарға айналуы мүмкін.

Үшінші мәселе — саяси өкілдікті жаңғырту. Партиялық жүйені ырықтандыру, сайлау моделін тұрақтандыру, азаматтық



бастамалар мен петициялық механизмдерді заңнамалық тұрғыда бекіту саяси бәсекенің институционалды алаңын кеңейтуге бағытталған. Мұндай элементтер жартылай-президенттік модельдерге тән тепе-теңдік іздеу логикасын еске салады. Мысалы, Франция тәжірибесінде президенттік билік пен парламенттік бақылау арасындағы баланстың институционалды құралдар арқылы ұстап тұруға тырысады. Алайда кез келген модель ұлттық саяси мәдениетке бейімделмесе, механикалық көшіру нәтиже бермейді, — дейді Жанат Момынқұлов.

Түйін, шын мәнінде, жаңа институттардың атауында емес, олардың шынайы ықпалында. Егер бұл құрылымдар дербес бюджетке ие болып, шешім қабылдау процесіне нақты араласа алатын құқықтармен қамтамасыз етілсе және саяси бәсеке бар ортада жұмыс істесе, онда азаматтық қоғамның да салмағы арта түседі. Ал керісінше жағдайда, яғни олар атқарушы билік жанындағы кеңесші сипатында ғана қалып қойса, мұндай институттар тек сыртқы легитимділік құралына айналып, жүйені түбегейлі өзгертуге қауқарсыз болады.

Осы тұрғыда сарапшының пайымы мынаған саяды: Қазақстан үшін басты мәселе — институттардың атауын жаңарту емес, саяси мәдениеттің сапалы өзгеруі. Оның айтуынша, азаматтық қоғамды

күшейту үшін кемінде үш шарт қатар орындалуы керек: шынайы саяси бәсекелестік, тәуелсіз сараптамалық әрі ақпараттық орта және сот жүйесінің нақты автономиясы. Тек осы факторлар үйлесім тапқанда ғана жаңа қоғамдық институттар формалды сипаттан арылып, мазмұнды құрылымға айналады.

— Конституция — ол жай құрал, мақсат емес. Оның мазмұнын толтыратын — билік пен қоғам арасындағы нақты күш балансы. Егер осы баланс біртіндеп өзгеріп, жауапкершілік пен есептілік мәдениеті орныкса, жаңа институттар шынайы саяси мәнге ие болады. Ал егер өзгеріс тек нормативтік деңгеймен шектелсе, онда олар жаңа декорация ретінде қабылдануы ықтимал, — дейді Жанат Момынқұлов.

Қорыта айтқанда, жаңа Конституция жобасы аясында құрылуы көзделіп отырған Халық кеңесі консультативтік демократияның эволюциялық жалғасы ретінде ұсынылып отыр. Алайда оның шынайы саяси мәні атауында емес, өкілеттігі мен ықпал ету тетіктерінде болмақ. Егер бұл институт нақты құқықтармен, заң шығару бастамасы мүмкіндігімен және қоғамдық мүддені сақтау қабылдау деңгейіне жеткізетін пәрменді механизмдермен қамтамасыз етілсе, ол билік пен қоғам арасындағы диалогты жаңа сапаға көтере алады.

БІРЕГЕЙ ЖОБАНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Жыл басында Қызылорда төрінде өткен Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысында ел дамуының негізгі бағытын айқындайтын маңызды мәселелер талқыға түсті. Оның ішінде Қызылорда қаласында салынып жатқан жаңа жылу электр орталығының жұмысы кеңінен сөз болғаны есімізде. Қазір бұл жобаның бета-лысы қалай?

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Негізінен, бұған дейін өткен алқалы жиындарда қоғамдағы өзекті мәселелер күн тәртібінде қаралып, стратегиялық шешімдер ұсынылып келді. Оның ішінде әлеуметтік қолдау шараларын күшейту, халықтың өмір сапасын арттырумен қатар жастардың әлеуметтік жағдайы, білім және тәрбие мәселесі, экономиканы әртараптан-дыру, аймақтардың дамуы мен инфрақұ-рылымдық жобалардың жүзеге асырылуы өзекті мәселе ретінде айтылып жүр.

Биылғы құрылтай отырысы да көптің көкейіндегі маңызды мәселелерді қамтыды. Әсіресе, аймақтардың инфрақұрылымдық дамуы әңгіме өзегіне айналды. Осы ретте Мемлекет басшысы бірқатар өңірде жылу электр орталықтарын қайта жаңғырту қажет екенін тілге тиек ете келе, бұл мәселе Қы-зылорда облысында инвестор есебінен жүзеге асырылып жатқанына ерекше тоқталды.

Бұл тұрғыда Президент: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр. Былтыр аймақтың жалпы ішкі өнімі 6,5 пайызға өсті. Үш жылда облысқа 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылды. Былтыр 27 инве-стициялық жоба жүзеге асырылды. Соның ішінде жаңа жылу электр орталығы іске қосылғанын ерекше атап өткен жөн. Стра-тегиялық маңызы бар бұл нысан толығымен инвестордың қаржысына салынды. Жылу орталығы аймақтың энергетикалық қауіп-сіздігін нығайта түседі», — деп тоқталып өтті.

Шындығында, Қызылорданың инже-нерлік және коммуналдық жүйелерін жаңғырту мәселесі көп жылдан бері күн тәртібінен түскен емес. Сыр шаһарында 1964 жылдар шамасында салынған жылу орталығының жабдыктарының тозып тұрғаны алаңдатарлық халге жетті. Соған орай, жанадан жылу электр орталығын салуға шешім қабылданды. Бұл өңірдегі бірегей стратегиялық жоба ретінде қарас-тырылды.

Нәтижесінде, ірі жобаны жүзеге асыруға 215 млрд теңге көлемінде инвестиция тар-тылды. Стратегиялық нысанды түркиялық инвестор — AKSA Energy компаниясы қолға алды. Бұл бірінші кезекте қаланы тұрақты жылумен және электр энергиясымен қамтуға мүмкіндікті арттырады деп көзделді. Екіншіден, өңірдің электр энергиясына деген қажеттігін толық өтеп қана қоймай, артылған энергияны өзге өңірлерге жеткізуге жол ашылады деп күтілуде.

Жаңа жылу электр орталығының қуаты 240 мегаватт электр энергиясын және 277 гигакалория жылу энергиясын құрайды. Орталық толықтай заманауи қондырғылар-мен жабдықталған. Бұл жайында Қызылорда облыстық Энергетика, тұрғын үй-комму-налдық шаруашылығы басқармасының жыл бедерінде атқарған есепті жиынында мәлім болды.

«Қазір өңірде түркиялық инвестор — «Акса Энерджи» компаниясы тарапынан жылу орталығы тесттік режимде іске қосы-лып, 176 мегаватт электр энергиясын өндіру мүмкіндігіне ие болды. Алдағы уақытта бу турбинасы іске қосылып, қосымша 95 мегаватт электр энергиясын өндіру көзделіп



Кейінгі жылдары өңір тұрғындарын электр энергиясымен қамту мақсатында жалпы құны 24,2 млрд теңгеге 71 жоба жүзеге асырылған. Нәтижесінде, аймақтағы тозған желілер деңгейі 60,8 пайызға төмендегенін көрсетіп отыр екен.

отыр. Инвестициялық шартқа сәйкес, стансаны толық іске қосу 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған», — дейді баскарма басшысы Медет Усаин. Баскарманың мәліметіне сәйкес, 2025 жылы Сыр өңірінің инфрақұрылымдық дамуына оң серпін берілді. Өңірде 10 608 шақырым электр желісі мен кернеуліктер бар. Сол сияқты 2 058 қосалқы станса

жұмыс істейді. Былтыр 280 шақырым электр желісі және 87 дана қосалқы стансалар қайта жаңғыртудан өткізіліпті.

Кейінгі жылдары өңір тұрғындарын электр энергиясымен қамту мақсатында жалпы құны 24,2 млрд теңгеге 71 жоба жүзеге асырылған. Нәтижесінде, аймақтағы тозған желілер деңгейі 60,8 пайызға тө-мендегенін көрсетіп отыр екен.

Жылу желілерін жаңғырту бойынша да атқарылған істер ауқымды. Бұл тұрғыда 2025 жылы бюджет есебінен 6 жоба жүзеге асырылып, жылу желілерінің тозу деңгейі 2 пайызға төмендеген.

Осы орайда жаңа жылу электр орталы-ғының жайына тоқталсақ, ең алғаш бірегей жобаны жүзеге асыру мақсатында 2023 жылы жобалау құжаттары әзірленіп, 2024 жылы орталықтың құрылысы қарқын алды. Әуелгі жоспарға сәйкес, стратегиялық нысан 2026 жылдың тамыз айында іске қосылуға тиіс болатын. Дегенмен Мемлекет басшысының тікелей бақылауымен станса мерзімінен бұрын пайдалануға беріліп отыр.

Қорыта айтқанда, Қызылордада бой түзген жаңа жылу электр орталығына мемлекет деңгейінде ерекше мән берілуі бекер емес. Өйткені энергетикалық әлеуетті арттыруға негіз болатын ірі инфрақұрылым-дық жоба — өңірдің тұрақты дамуына тың серпін беретініне сенім зор.

Тараз қаласы «Әулиеата» және «Жібек жолы» аудандарына бөлінгеннен бері «бауын тапса, байлауын таппаған» мәселе көбейді. Әсіресе, алқап тұрғындарының жанайқайы мен арызын арқалаған ағайынның қарасы азаймауда. Міне, солардың бірі қарасулық тұрғындар қара суға жарымай отыр. «Ай-күннің аمانында арықтан су іштік» деген бұқара базынасын кө-теріп, билік өкілдеріне сан мәрте барған. Алайда шенділер құрғақ уәдемен шығарып салады екен.



ҚАРАСУЛЫҚТАР ҚАРА СУҒА ЖАРЫМАЙ ТҰР

А Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

№2 Карасу көшесінің тұрғыны Бибігүл Мақұлбекованың айтуынша, олар жандарына батқан жағдайды айтып бармаған жері, қақпаған есігі қалмапты.

— 2-ші Карасу көшесінде №101 А, №101 Б, №103, №56, №107 үйлерінде мүлдем ауызсу жоқ. Тіпті, құбыр да тартылмаған. Бұл мәселені көтеріп, қала әкімінің қабылдауына қаншама рет бардым. eGov арқылы да өтініш қалдырдым. Әкімнің екі орынбасарының да қабылдауына жазылдым. Алайда әкімдіктегілер 2022 жылдан бері құрғақ уәде беріп, шығарып салуда.

Бүгінде қасымыздағы каналдан ауызсууды сорға (насос) арқылы алып, ішіп отырмыз. Ол судың құрамында не барын бір Құдай білсін?! Амал жоқ, қауіпті болса да сол суды тұтынып отырмыз. Бұлайша қашанғы каналдан су ішеміз? Еліміз дамып, экономикамыз өсіп жатыр дейміз. Телеарнадан облыс пен қалада қыруар тірлік атқарылып жатыр дегенді ес-тиміз. Алайда облыс орталығында тұрып, арықтан су ішу деген не сұмдық? Осы мәселеге назар аударатын жан бар ма? — дейді жанай-қайын ашына жетізген Бибігүл Амангелдіқызы.

Шынында, сананы сан саққа жүгіртетін жағдай. Облыс орталығында тұрып каналдан су ішетіндей не күн туды? Ауыз құбыры әлі жетпеген шалғайдағы елді мекен болса түсінер едік. Енді Тараз қаласында тұрып, арықтың суын тұтыну деген санаға сыймайтын нәрсе. 35 жылдың бедерінде ең болмаса облыс

орталығы саналатын бас қалаларды ауызсумен қамти алмағанымыз ба? Бұл сауалмен салаға жауапты қалалық бөлімге қайырылғанымызбен, олардан тағы екіұшты жауап естідік.

— 2024 жылы Тараз қаласының №10 аумақтық округіне қарасты көшелерде және алқаптарда ауызсу құбырын жаңғыртуға және ауызсу мүлдем жүргізілмеген көшелерде құбырларды жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Ал 2025 жылы жобаны жүзеге асыру үшін республикалық бюджетке өтінім ұсынылды. Жоба қолдау тауып, қаражат қарастырылса, 2026-2027 жылдары құрылыс жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Бұл жобаны жергілікті бюджет көтермегендіктен, республикаға өтінім жасалды. Тұрғындар тарапынан қандайда сұрақтар болса, Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөліміне келіп, ресми құжатпен танысуға болады, — дейді аталған бөлімнің бас маманы Серік Тұрғын.

Байқап қарасаңыз, бөлімдегілер ауызсу құбырының сметалық құжаттарын әзірлеп, енді республикалық бюджетке өтінім жолдаған екен. Ал ол жактан қашан қаржы бөлінетіні белгісіз. Жоспар 2026-2027 жылдарға же-ленген. Алайда құрылысқа қаржы нақты бөлі-нетінін сала мамандарының өзі де ашып айта алмай отыр. Сондықтан өзiрге қарасулықтарға ауызсууды арықтан ішуге тура келеді. Беті аулақ, алайда ертен сол судан індет тарап жатса кінәні кімге артып, жауапты кімнен аламыз?

ЖӘРМЕҢКЕ ЖҰРТҚА ЖӘРДЕМ БЕ?

«Ет дегенде бет бар ма?» деген халықпыз. Иә, қызылсырамасақ ас батпайды. Күнделікті жейтін тамағымызға бір жапырақ болса да ет қосылады. Дегенмен кейінгі кезде бұл астың құны шарықтап кеткенін жақсы білеміз. Осыдан 5-6 жыл ғана бұрын келісі 1 600 теңге болған сиыр еті бүгінде кем дегенде 3 500 теңгеге саудаланып тұр.

А Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Үкімет қазір ет бағасының өсуіне онсыз да шектеу қойып отыр, әйтсе де нарықтың заңдылығын бұзып, тым төмендете алмайтыны тағы бар. Жалпы, Қарағанды облысындағы еттің 80 пайызын жекелеген шаруашылықтар өндіреді. Табын сиыр мен үйір жылқы, отар қой — осы жеке шаруаларда. Бүгінде нарықты солар билеп тұр. «Біздің қолдан тек жәрмеңке өткізу келеді» деген шен-ділер еттің бағасын емес, әкелінген еттің көлемін есептеуге жүйрік. Мысалы, былтыр 13 желтоқсан күні Қарағанды

Қазақстанда кейінгі бір жылда ет бағасы 20-30 пайыз аралығында өскен. Қара-ғанды өңірінде сиыр етінің 1 келісі 3 500-4 500 теңге аралығында. Премиум санаттағы ет бағасы одан да жоғары. Қойдың бағасы ірі қарадан қымбат, 3 800-ден басталады. Тек жылқы етінің бағасы 3 200 теңгеден басталады. Бұл көрсеткіштер халықтың етке жұмсайтын шығынының айтарлықтай артқанын дәлелдейді.

Былтыр сауда және интеграция министрі Арман Шақкалиев Қазақстан-ның кейбір өңірлерінде ет бағасының қымбаттауына қатысты: «Мұнда екі фактор бар. Біріншісі — бұл жаһандық



қаласындағы Global City сауда-ойын-сауық орталығының аумағында ауыл-шаруашылық жәрмеңкесі өтті. Жәр-меңкеге Қарағанды облысының 7 ауылдық ауданынан және облыс қалаларындағы қайта өңдеу кәсіпорындары-нан 90-нан астам ауыл шаруашылығы өндірушісі қатысып, қала тұрғындарына өнімдерін нарықтық бағадан 10-15% төмен бағамен ұсынды. 45 тонна ет сатылды. Мейлі дейміз ғой, бірақ «бола-шақта мегаполис боламын» деген Қарағанды қаласына 45 тонна мөлшер тым аз.

Ет бағасының айтарлықтай өсуі халық арасында үлкен алаңдаушылық туғызуда. Сарапшылардың айтуынша,

проблема, оны мен бұған дейін де айт-тым. Бұл әлемдік ірі өндірушілер — Бразилия, Аргентина секілді елдердегі көлемдердің өзгеруіне байланысты. Екіншісі — бүгінде көршілес елдерде еттің бағасы әлдеқайда жоғары, сон-дықтан өнім сол жакқа көптеп кетуде, үлкен нарықтық сұраныс бар. Біз, ми-нистрлік ретінде, бұл жағдайды бақылап, бірқатар шараны, соның ішінде сыртқы саудаға қатысты бастамаларды қолға алдық, ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін», — деген болатын.

Сонымен қатар «Біз нарықтық экономикада өмір сүріп жатырмыз, сондықтан бағаны тікелей бұйырып бекіте алмаймыз. Бірақ біз осы шекте

ұстап тұру үшін, қай жерде, қашан та-уарлық интервенция жасау қажет болса, соны анықтап, дүрлігуді басып отырамыз. Ең бастысы — нарықта ет болады», — дегені тағы бар.

Ал қарағандылық кәсіпкер, ет сатушы Нұрлан Әбдіров нарықтағы жағдайды былай сипаттайды:

«Біз бағаны негізсіз көтермейміз. Бірақ көтерме бағамен қымбат сатып алған соң үстеме қосуға мәжбүрміз. Оның үстіне, тасымал, жалға алу, электр энергиясы сияқты қосымша шығындар да жылдан-жылға өсіп келеді».

Бұл пікір логистика мен инфрақұры-лым шығындарының бағаға тікелей әсер ететінін көрсетеді. Жалпы алғанда, Қарағандыдағы ет бағасының қым-баттауы — бір ғана себептің емес, бірнеше экономикалық және әлеуметтік фак-торлардың нәтижесі. Мал азығының, жанармайдың, логистика шығындары-ның өсуі, экспорт көлемінің артуы, өндірістің төмендеуі және сұраныстың жоғары болуы бағаның өсуіне тікелей әсер етуде.

Сарапшылардың пікірінше, бұл мәселені шешу үшін жергілікті өндірісті дамыту, фермерлерді қолдау және нарықты тиімді реттеу қажет. Қарағанды қаласына аудандардан таң ата «Арай» базарына қарай ет тиеген көліктер ағылады. Бұл жерде делдалдар келілеп емес, тонналап алып, үстемеақы қосып дүкен, сауда орталықтары мен базар сөрелерінде саудалауға көшеді.

«Қала болған соң барлығы бірдей жылқы мен қой етін шаш та төк жей бермейді. Әркім қалтасына қарай сауда жасайды. Көбіне елдің тұтынатыны — құс еті. Бұдан соң қой мен сиыр еті. Ал жылқы етін сирек алады. Жылқыға жұрттың жүгінетіні дәстүрге сай тек қонақ күткенде ғана десек, артық айтқандық емес. Онда да тұтынушылар қазы мен карта, жал-жая сұрайды. Біз қазір жылқы етінің келісін 3 200 теңгеден қабылдап, оны 3700 теңгеге сатамыз. Қарап отырсаңыз, екі баға — екі түрлі. Алушы саны көп. Олардың әрқайсысы аз мөлшерден алады. Бұл жүйе біздіге тауар айналымына көп септігін тигізе-ді», — дейді ет сатушы Сайран Ордалы.

Әрине, әкімдік те қарап отырған жоқ, арнайы сауда орындарын ашып жатыр. Әлеуметтік павильондар қаланың әр ауданында бар. Бірақ оның бәрі сұранысты қанағаттандыра ала ма?



Дәстүрлі өнердің ЖАҢА РЕՇІ



Сүйек ұқсату өнері – көнеден келе жатқан кәсіп. Халқымыздың тыныс-тіршілігінде сүйектің киелілігі сонша, ол тіпті тілдік қатынасымыз бен әлеуметтік құрылымымыздың негізіне айналған. Мәселен, туыстық байланысты білдіретін «сүйегі бір», «сүйек жаңғырту», «сүйек шатыс» тәрізді атаулар мен «ақсүйек» сынды ойындар сөзіміздің дәлелі бола алады. Көшпелілер сүйек пен мүйізден зергерлік бұйым, ыдыс жасаған. Ал бүгінгі кейіпкеріміз сүйектен декорлар мен интерьер жасайды.

Ол осыған дейін жасаған бұйымдарын көрме арқылы таныстырды. Көпшілік шебердің жұмысын жоғары бағалайды. Бахтияр Смағұл мәдени кодпен жұмыс істеуін жақында ғана бастаған. Бұған дейін әлеуметтік астары бар, иронияға толы карикатуралық сипаттағы жобаларды жарыққа шығарып жүрген. Бағытын басқа арнаға бұруына қоғамдағы ұжымдық талғамның өзгеруі әсер етіпті. Кейіпкеріміз жасаған туындының бірі – «Омыртқа». Мұнда шебер байырғы дәстүрді тірілтеді. Яғни, қазақ отбасында сәби дүниеге келгенде, қойдың мойын омыртқасын ақтап-тазалап, кереге басына іліп қоятын болған. Осы омыртқалардың санына қарап-ақ, сол шанырақта қанша бала дүниеге келгенін білуге болатын еді. Қалалық жерде бұл үрдіс түгел дерлік жойылған десе де болады. Бірақ бірде ауылға жолы түскен Бахтияр қаз-қатар тізілген омыртқалардың тұтас бір шоғырын, бір-біріне жалғасқан отыз сәбидің дүниеге келу тарихын баяндайтын «омыртқалар жартасын» көреді. Дәл осы көрініс оның жана жобасының негізгі өзегіне айналды. Сүйектен

тұрғызылған бұл «жартас» тасқа айналған шежіре іспетті, ол біздің жадымыздың көзбен көруге болатын айқын бейнесін кейіптейді. Әр бұйымның жасалу тарихы бар. Сондай дүниелердің жалғасы ретінде көпке таныстырылған – сүйектен тұрғызған киіз үй. Мұны көшпелі тұрмыс логикасының заңды жалғасы десек те болады. Өмір салты тазалық пен жинақылыққа (аскетизмге) негізделген көшпенді халық өзімен бірге тек ең қажетті, жеңіл дүниелерді ғана алып жүрген. Осы орайда күнделікті астан қалған, керексіз саналатын сүйек киіз үй жасау үшін мықты әрі ыңғайлы құрылыс материалына айналған. – Сүйектен туынды жасауды былтырдан бастадым. Өйткені қызығушылығым осы бағытқа



Мұнда шебер байырғы дәстүрді тірілтеді. Яғни, қазақ отбасында сәби дүниеге келгенде, қойдың мойын омыртқасын ақтап-тазалап, кереге басына іліп қоятын болған. Осы омыртқалардың санына қарап-ақ, сол шаңырақта қанша бала дүниеге келгенін білуге болатын еді.

қарай ауды. Біздің бабаларымыз көшпенді болған. Сондықтан өздерімен кез келген жерге алып кете алатын, ең қажетті дүниелерді ғана ұстаған. Сондықтан олардың тұрмысында барлық нәрсе, тіпті сүйек те кәдеге жараған. Мен сол кезгі мәдени болмысымызды қазіргі қоғамда да пайдаға асқанын қалаймын. Соның негізінде жасалған көптеген бұйымды көрме арқылы жұртқа таныстырып жүрмін. Жеке көрмемді ұйымдастырып келе жатқаныма биыл 7 жыл болды. Содан бергі уақытта шығармашылық қарқыным үдей түсті.

Әсіресе, өткен жыл мен үшін өте жемісті болды. Бір жылдың ішінде алты көрме ұйымдастырдым, оның үшеуі жеке көрмем ретінде өтті. Қазір де жана жобалар дайындап жатырмын. Жеті жылдық тәжірибе маған жана белестерді бағындыруға сенімділік береді, — дейді ол. Бахтияр Смағұлдың «Дастархан» инсталляциясы әлеуметтік желіден-ақ оқырманын бірден баурап алады. Қара барқыт жабылған салтанатты үстел үстінде болаттан шебер қашалған қойдың қаңқасы асқан талғаммен шырақпай ретінде қойылған. Бұл композиция еуропалық этикет ережелеріне сай жабдықталғанымен, оның астарынан терең ұлттық таным менмұндалайды. Табакқа қойылған арнайы карточкаларда қазақтың дәстүрлі табак тарту мен мүшелеу өнерінің қыр-сыры баяндалған. Осылайша, автор батыстық стиль мен көшпенділердің ас ішу мәдениетін шебер ұштастырып, көрерменге ерекше әсер сыйлайды. Кейіпкеріміздің «Ашаршылық» («Голод») туындысы да бар. Бұл жұмыс әлемге әйгілі поляк плакат мектебінің дәстүріне құрмет ретінде жасалған. Колөнер шеберінің бұл туындысы халқымыздың басынан өткен нәубет туралы артық пафоссыз-ақ, жадымыздың ең түкпіріндегі ауыр естеліктерді жаңғыртады. Сүйек ұқсату шеберінің тағы бір қыры – сәндік-қолданбалы өнердің заманауи интерпретациясын жасауы. Ол керамиканы тілге тиек ете отырып, қазақ мәдениеті үшін тын бағытты ұсынады. Біздің дәстүрлі ою-өрнегімізде аң-құс (зооморфтық) бейнелері көп болғанымен, жәндіктер әлемі дерлік кездеспейтін. Бахтияр дәл осы олқылықтың орнын толтырып, құмырсқа мен көбелекті өнер объектісіне айналдырған. Автор үшін құмырсқа — ерекше тотемдік бейне: үнсіз ғана тынымсыз еңбек етіп, әлемді ұсақ бөлшектерден құрайтын тіршілік иесі. Бұл микроскопиялық детальдар біртіндеп жана қазақы визуалды болмысқа, жұмсақ әрі құбылмалы ою-өрнектерге ұласады. Ал керамика мен сурет өнерінің тоғысуынан туған көбелек бейнесі көлемді мүсін мен жазық кескіндеменің арасын жалғап тұрған «алтын көпір» іспетті. — Мен түрлі материалмен, соның ішінде керамикамен жұмыс істегенді ұнатамын. Сонымен қатар кескіндемемен айналысып, графикалық туындылар дайындаймын. Өз жұмыстарымда мен сүйек бейнесін қазақтың дәстүрлі ою-өрнектерімен астарластырып, жана бір қабаттар түземін. Халқымызда, әсіресе, зооморфтық және өсімдік тектес өрнектер кен тараған. Осы өрнектердің мағыналық жіктелуі мен иерархиясына деген қызығушылық соңғы бірнеше жылда ғана қайта жандана бастады. Меніңше, төл ою-өрнегіміз бен сүйек бейнесін тоғыстырудың



символдық мәні зор. Себебі бұл екеуі — мен үшін мәдениетіміздің ең негізгі екі құрамдас бөлігі. Өз шығармашылығымда осы екі құндылықты біріктіру арқылы ортақ бір үндестік іздеймін, — дейді кейіпкеріміз. Бахтиярдың пайымдауынша, бүгінде қазақ мәдениетінің көптеген нышаны тым асқақтатылып, «киелі» дүниеге айналып кеткен. Біз жәдігерлерді тек шыны қаптаманың артынан тамашалауға үйреніп, олардың тірі рухынан ажырап қалғандаймыз. Бүгінде сүйектен жасалған бұйымдар ел ішінде сирек кездесетін тансық дүниеге айналды. Кейіпкеріміздің айтуынша, қазіргі нарықта киіз, ағаш немесе теріден жасалған тұрмыстық заттар жетіп артылғанымен, ежелгі сүйек ұқсату өнерінің ұмытылып, қолданыстан шығып бара жатқаны өкінішті-ақ. Бахтиярдың айтқысы келетіні — көбіне біз байқай бермейтін, бірақ соның арқасында өсіп-өркендеп келе жатқан шынайы болмысымыз туралы ой.

ЗИЯТКЕРЛІК МІНБЕРДІҢ ҮЗДІКТЕРІ

Елордамыздағы Nurorda лицейінде «Ана тілі» республикалық зияткерлік олимпиадасының жеңімпаздары марапатталды. Биыл олимпиада екінші рет Қазақстанның Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бастамасымен және «Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өтті.



Салтанатты шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, депутаттар, тіл жанашырлары, сондай-ақ қазақ тілін қолдап жүрген кәсіпкерлер қатысты. Іріктеу кезеңіне еліміздің барлық өңірінен 9-11-сыныптың 2 мыңнан астам оқушысы қатысты. Үздік нәтиже көрсеткен 64 команда (192 оқушы) республикалық кезеңге жолдама алды. Финалда қатысушылар «Пікірсайыс», «Тілшілер» және «Білімпаздар» бағыттары бойынша бақ сынады. «Ана тілі» олимпиадасының басты мақсаты — қазақ тілін жастар арасында кеңінен насихаттау, оны ғылым мен білімнің тілі ретінде дамыту, сондай-ақ оқушылардың оқу сауаттылығы мен жазу мәдениетін арттыру. Осы бағытта Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетіп, тіл жанашырларын біріктіретін кәсіби алаңдар ұйымдастырып келеді. «Біздің басты мақсатымыз — сөзге, әдебиетке, тілге қызығушылығы бар дарынды оқушылардың жолын ашып, оларға жана мүмкіндіктер ұсыну. Сонымен қатар оқушылар арасында қазақ тілі пәнінің тартымдылығын арттырып, оның зияткерлік әлеуетін көрсетуге мән бердік. Бұл олимпиада жастардың қазақ тіліне қызығушылығын арттыратынына сенімдіміз», — дейді Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы. Жоба қазақ тілін терең меңгеруге ынталандырып, оны жастар арасында беделді зияткерлік құндылық ретінде орнықтыруды көздейді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, олимпиада алдағы жылдары дәстүрлі түрде жалғасады. — Олимпиаданың мақсаты — қазақ тілін жаратылыстану бағытында дәріптеу, балалардың қазақ тілінде ауызша және жазбаша еркін ойын жеткізуге көмектесу. Ерекшелігі — топтық байқау. Әр команда құрамында үш оқушы қатыса алады. Олар үш категория бойынша бақ сынайды. Биыл қатысушылар 20 өңірден 2 мыңға жуық оқушы қатысып, 64 команда іріктеп алынды, — делі «Білім-Инновация» ХҚК вице-президенті Қуат Қожахметов. Олимпиаданың бас жүлдесін Түркістан облысынан келген «Үшарыс» командасы иеленді. Топтың мүшесі Қажыхан Әшірбайұлы байқауға мұқият дайындалғанын айтты. — Командалық сайыс болғандықтан, топтың әр мүшесі кез келген сұраққа дайын болуы керек және категория бойынша өз міндеттерін дұрыс орындауы керек. Әр кезең біздің жана қырымызды ашты. «Пікірсайыс» бөлімінде коммуникациялық қабілетімізді дамытып, басқа топпен бәсекеге түстік. «Тілмаштар» кезеңінде жеке тұлғалық қабілеттерімізді көрсете алдық. Ал «Білімпаздар» кезеңінде академиялық қабілеттерімізді арттырдық, — дейді «Үшарыс» командасының мүшесі. Шараның бас демеушісі — Freedom Holding Corp. — қаржылық қызмет көрсететін, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздармен сауда жасаумен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік көрсетілетін қызметтермен, ипотекамен, сактандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысатын, онлайн супермаркет қызметтерін және т.б. ұсынатын әртараптандырылған компания болып саналады. Марапатқа қол жеткізген 11-сыныптың 14 оқушысына еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының білім гранттары табысталды. Атап айтқанда, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті — 5 грант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті — 5 грант, SDU университеті — 2 грант, Narxoz университеті — 1 грант және Coventry University Kazakhstan — 1 грант бөлді. Бұдан бөлек, командалар «Үздіктер», «Озаттар», «Мықтылар» және «Белсенділер» аталымдары бойынша марапатталды. Қазылар алқасының құрамына филолог-ғалымдар, «Білім-Инновация» лицейлерінің мамандары, тәжірибелі әдіскерлер мен белгілі каламгерлер кірді.

Бетті дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

 AMANAT MEDIA GROUP AIQYN Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ	Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі	АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР: Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы Банн ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы	«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklam.aikyn@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(771) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com Газет аптасына 3 рет шығады	Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 Тапсырыс №4712 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ Мұқанов көшесі, 223 Б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,
--	--	---	--	---